

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Дайыр ауылдық округіне қарасты "Әндіреш" қыстағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 3 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 7573 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 20 тамыздағы № 556 ұсынысы негізінде Дайыр ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі-қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округіне қарасты "Әндіреш" қыстағына белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 3 "Дайыр ауылдық округіне қарасты "Әндіреш" қыстағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2020 жылдың 28 мамырдағы № 7126 болып тіркелеген, 2020 жылдың 30 мамырында "Достық" газетінде жарияланған және 2020 жылдың 29 мамырында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Дайыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнене бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Дайыр ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Н. Исанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК